

#1

(937)

3 наурыз

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

Алаң жұрт

ҚЫЗЫЛ СУДЫҢ ЖОЛЫНДА

255
ЕЛДІ
МЕКЕН127
МЫҢНАН
АСТАМ ҮЙ700
МЫҢНАН
АСТАМ
АДАМ

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

15,1
ШАҚЫРЫМ
УАҚЫТША
БӨГЕН
САЛЫНДЫ24
ШАҚЫРЫМ
БӨГЕН
ЖӨНДЕЛДІ41
ШАҚЫРЫМ БІЛІК
ТҰРҒЫЗЫЛДЫ

5 МЫҢ ШАҚЫРЫМ КАНАЛ МЕН АРЫҚ

8,5 МЫҢНАН АСТАМ СУ ӨТКІЗУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНА
ДАЙЫНБЫЗ БА?

Әлихан СМАЙЫЛОВ, Премьер-Министр:

«Бүгінгі күні елді мекендерден 11 млн текше метрден астам қар шығарылды. Алайда бұл жұмыс барлық өңірде тиісті деңгейде жүргізіліп отырған жоқ. Өңір әкімдері қар шығару жұмыстарын күшейтулері қажет.

Биыл еліміздің оңтүстік өңірлерінде күрделі жағдай қалыптасуына су бұру арналарының, арықтардың, қорғаныш жер үйінділерінің болмауы себеп болған. Соның салдарынан Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарындағы дренаждық жүйелердің жауын-шашынның көп мөлшеріне қуаты жетпеді. Атырауда қар күрт еріп, көшелерді су басып қалды.

Арықтарды, нөсер кәріздерін тазартып, уақытша жер үйінділері мен бөгеттер салу қажет. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен өңір әкімдері жолдарды, көпірлерді, су өткізу құрылыстарын бекіту жұмыстарын жалғастырсын. Сондай-ақ қосымша күштер мен құралдар орналасатын жерлерді, эвакуацияланатын халықты қабылдау пункттерін және ауыл шаруашылығы жануарларын көшіру үшін қауіпсіз учаскелерді анықтау қажет».

Юрий ИЛЬИН,
төтенше жағдайлар
министрі:

«Биыл қардың көп болуына және топырақ қабатының қатты тоңазуына байланысты су тасқыны қатері күшті. Өңірлерде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комиссиялардың 114, оның ішінде 31 жоспардан тыс отырысы өткізілді. Полиция бөлімшелерімен бірлесіп, елді мекен аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу фактілерін анықтау бойынша рейдтік шаралар басталды және жүргізілуде, бұл дренаждық және арық жүйелерін ұстау, қар шығару, адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту».

BRENT \$83.95

USD 446.5 T

EUR 475 T

RUB 5.95 T

Геосаясат

1991 ЖЫЛҒЫ ҚЫРКҮЙЕКТЕ АҚШ-ТЫҢ СОЛ КЕЗДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫСЫ ДЖЕЙМС БЕЙКЕР (JAMES BAKER) ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛДІ. РЕСПУБЛИКА ӘЛІ КЕҢЕСТІК ЖҮЙЕНІҢ ТЕМІР ШЕКПЕНІНЕН ШЫҒА ҚОЙМАҒАН КЕЗ. СОДАН БОЛАР, АЙБАТЫН АЙҒА БІЛЕГЕН АМЕРИКАНЫҢ КҮЛЛІ ДҮНИЕГЕ БЕЙМӘЛІМДЕУ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ ҰҚЫЛАС ТАНЫТЫП, ЖОҒАРЫ ЛАУАЗЫМДЫ ДИПЛОМАТЫН ЖІБЕРУІ, СӨЗ ЖОҚ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ЕЛЕҢ ЕТКІЗГЕН ОҚИҒА ЕДІ.



Срайыл
СМАЙЫЛ,
саяси шолушы

Арада екі ай өткенде Бейкер екінші рет Алматыға ат басын бұрды. Әйгілі дипломат Ақмарал Арыстанбекова (Қазақ КСР-нің 1989-1991 жылдардағы сыртқы істер министрі) осы екі сапардың тең дәрежелі Қазақ-Америка қарым-қатынасының берік негізін қалағанын, нарық жүйесіне қажет маман дайындау, әсіресе, дағдарыстан тұралаған экономикаға инвестиция тартуға ықпал еткенін жазды. Мемлекеттік хатшы Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде БҰҰ-ға мүше болуына да қолдауы мен көмегін аямады.

Сол күндері Алматыда дүниеге келген бір сәбидің атын Бейкер деп қойыпты. Бұл ақ ниетпен келген қонақты құрметтейтін, «жолын берсін» дейтін халқымыздың ыстық ықыласын білдірсе керек.

Содан бері екі елдің байланысы біраз белесті бағындырды. Қазақ елінің ғаламдық қауымдастықта беделді, экономикасы мығым мемлекет болып қалыптасуына АҚШ-пен түрлі салада орнатылған өзара тиімді ынтымақтастықтың үлесі сүбелі екені анық. Бір мысал. Басым бөлігі көмірсутегі кеніштерін игеруге жұмсалған инвестиция көлемі 60 млрд доллардан асты. Соның арқасында ғаламат жобалар іске қосылды. Американ компаниялары тек шикізат өндіріп қана қоймай, дайын өнім шығаруға ден қоя бастады. Бұған «Шеврон» («Теңіз-шевройл») компаниясының газхимиядағы жобалары айқын дәлел. Мұнай мен газ саласында заманауи технологияны меңгерген тәжірибелі жергілікті мамандардың қатары молайды. Мұның бәрі берекелі ынтымақтастықтың жемісі екені даусыз.

Осы аптада АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен (Antony Blinken) Астанаға келді. Айта кеткен жөн, бұрынғыдай емес, мұхиттың арғы жағындағы

жоғары лауазымдылардың Кіндік Азияға ат басын бұруы сирек. Ауғанстаннан кеткелі бұл өңір американдықтар үшін басым бағыт болудан қалып барады. Мұны американдық Карнеги қорының өкілі Темур Умаров та растайды. Ол «Дәл қазір АҚШ-тың Орталық Азияда үлкен стратегиялық мүддесі жоқ» дейді. Ресми ба-рыс-келіс азайғалы бизнес алпауыттарының инвестици-

біздегі блогерлерге 10-15 мың доллар арасында грант беретіні жөнінде хабар тарады. Шығармашылығына шабыт беру мақсатымен емес, әрине. Қазақ топырағына жат либералдық құндылықтарды жерсіндіру үшін деседі. Гранталғыштар арқылы ықпал ету бұрынғы мемлекеттік хатшы Майкл Помпео аймаққа келіп кеткен соң күшейе түсті дейтін пікірдің жаны бар. Гесаясат



БЕЙКЕРДЕН БЛИНКЕНГЕ ДЕЙІН

ялық құлшынысы да бәсең. Есесіне, Батыс қорларынан қаржы алатын үкіметтік емес ұйымдар мен оппозиция атын жамылғандар өте-мөте белсенді. Сарапшылар Сэм ағайдың біздің аймақта экономика мен қауіпсіздікке ден қойған кең ауқымды қарым-қатынастан гөрі көп ресурсты қажет етпейтін «жұмсақ күшті» (soft power) қолдануға бағытталған жаңа стратегияға көшкенін алға тартады. Санаға шабуыл жасап, алдап, арбаумен мәңгірттендіруді көздейтін ақпарат кеңістігіндегі «гибридтік соғыс» та ғайыптан пайда бола қойған жоқ. Жуырда әлеуметтік желіде әлгі «жарылқағыштардың»

мамандарына жүгінсек, Батыс өңірдегі Ресей мен Қытайдың ықпалын азайту үшін текетіретің тосын тәсіліне көшті.

Бірақ Блинкен мұндай уәжбен келіспейді. Ол Астанадағы жүздесуде Қазақстан және Орталық Азия Вашингтонның ұдайы назарында екенін тәптіштеп түсіндірумен болды. Ресейге үсті-үстіне салынып жатқан санкцияның салқыны мен зардабы Қазақстанға ти-мейді деп сендірді.

Қазақ елі Құрама Штаттармен арадағы стартегиялық серіктестікке зор мән береді. Мемлекет басшысы АҚШ сыртқы

саясат мекемесінің жетекшісімен кездесуде екі ел арасында қауіпсіздік, энергетика, сауда және инвестиция сияқты стратегиялық салаларда сенімді ынтымақтастық орнағанын мәлімдеді. Қазақстан өзара тиімді қарым-қатынастың өркен жаюына мүдделі. Қасым-Жомарт Тоқаев осы орайда, Құрама Штаттардың мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен жерінің тұтастығына үнемі қолдау көрсетіп отыратынын терең ризашылықпен атап өтті.

Сапар аясында АҚШ пен өңірдегі 5 мемлекеттің сыртқы істер министрлерінің кездесуі (C5+1) өтті. Блинкен кейде ашық, кейде астарлы тілмен «әлдебір қауіпке» қарсы тұру үшін бірігуге, жұмыла қимылдауға шақырды. Бұл жерде терістік пен шығыстағы көршілерді меңзегені белгілі. Көпвекторлық саясатына адал еліміздің бұл мәселеде ұстанымы да, көзқарасы да айқын. Алыстағы сенімді серіктеспен де, аймақтағы жақын көршімен де бейбіт

әрі өзара тиімді қарым-қатынасты қалайды. Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді осыған орай «Ресей тарапынан қандай да бір

қауіп-қатерді көріп те, сезіп те тұрған жоқпыз» деді. Ресеймен интеграциялық одақта екенімізді, екі ел арасындағы шекараның (құрлықтағы ең ұзын – ред.) шегенделіп, ешқандай дау жоқ екенін қаперге салды.

Көршілердің бір-бірімен араз болуын қалайтын мысықтілеулес әлдекімдерге мұндай пікірдің жайсыз тигені белгілі. Қалай болғанда да, ғаламдық сахнада қалыптасып жатқан геосаяси ахуал ақиқатқа популистің емес, прагматиктің көзімен қарауды талап етеді.



Аптаның айтары

Ерұлан ЖАМАУБАЕВ,
Премьер-Министрдің орынбасары, қаржы министрі:



«Осы айларда инфляция шарықтау шегіне жетіп, 20 пайыздан асты. Екі-үш айдан кейін төмендейді. Қазірдің өзінде біз нақтыланған бюджетте инфляция деңгейін 7,5-9,5 пайыз деп көрсеттік. Сол бойынша жұмыс істейміз. Бағаның төмендеуін болжап отырмыз»

Үміт ШАЯХМЕТОВА,
Halyk Bank басқарма төрайымы:



«Автокөліктерді онлайн-несиелеуге ілігіп үлгергендерге емес, мұқтаж жандарға беру керек еді. 761 адамның арзан қаржыны небәрі 18 секундта алғаны шынында да қызық»

Асайын БАЙХАНОВ,
Павлодар облысының әкімі:



«Ащы тәжірибе: егер билік көктемге дейін дезинсекция жасауға әрекет жасамаса, жаз бойы Павлодар тұрғындарын маса-шіркей талап, қасынып жүреді. Облыстық басқарма басшыларын, ғылыми топ пен мердігерлерді ескерттім: егер осы маусымда жұмысты дұрыс жүргізбесе, олардың қанын мен ішемін»

Сауалнама

ҚОҒАМДА
ӘР НӘРСЕНІ
СЫЛТАУРАТЫП
ЖҰМЫС ІСТЕГІСІ
КЕЛМЕЙТІНДЕР
БАР. КЕЙБІРІ
ПАТЕРНАЛИСТІК,
ЯҒНИ «МЕМЛЕКЕТ
БӘРІН ЖАСАП
БЕРУІ ТИІС» ДЕЙТІН
ПИҒЫЛДАН
АРЫЛА АЛМАЙ
ЖҰР. МЕМЛЕКЕТ
ТАРАПЫНАН
ХАЛЫҚТЫҢ
ЖҰМЫС ІСТЕП,
ӘЛ-АУҚАТЫН
АРТТЫРУҒА ТҮРЛІ
БАҒДАРЛАМАЛАР
БАР. ҚОҒАМНЫҢ
БІР БӨЛШЕГІ БОЛУ
ҮШІН, СӨЗ ЖОҚ,
ЕҢБЕКТЕНУ ҚАЖЕТ.
ХАЛҚЫМЫЗ
«ЕҢБЕК ЕТСЕҢ
ЕРІНБЕЙ,
ТОЯДЫ ҚАРНЫҢ
ТІЛЕНБЕЙ» ДЕП
БЕКЕР АЙТПАҒАН.
ЕҢБЕК ПЕН
МАСЫЛДЫҚТЫ
КІМ ҚАЛАЙ
ТҮСІНЕДІ?
ПАТЕРНАЛИЗМНЕН
ҚАЛАЙ
АРЫЛАМЫЗ?
JASQAZAQ.KZ ОСЫ
САУАЛДАРДЫ
ЕҢБЕГІМЕН
МЕМЛЕКЕТКЕ
ДЕ, ОТБАСЫНА
ДА ПАЙДАСЫН
ТИГІЗІП ОТЫРҒАН
ЖАНДАРҒА
ҚОЙЫП КӨРДІ.

Рамазан ЕСМАҒАМБЕТОВ,
*Qazaqpress.kz ақпарат агенттігінің
кіші редакторы:*

ҚАНДАЙ ЖҰМЫС БОЛСА ДА, АДАМ ҚАШПАУЫ КЕРЕК

«Қазіргі заман қандай жағдай болмасын, еңбек етуді талап етеді. Мен Еуразия ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірдім. Арамызда оқу тек грант түріндегі яғни тегін болғаны үшін оқып жүргендер болды. Достарымнан сұрайтынмын: «Бұл мамандықты жаныңмен қаламасаң, неге оқып жүрсің?», – деп. Сонда олар грант болғаны үшін ғана оқып жүрміз деп айтатын. Менің өз ойым қоғамдағы патерналистік көзқарастағы адамдар осындай пиғылдан пайда болады. Өзі ұнатпаған мамандықты бітірген адам сол мамандықты әрі қарай алып кете алмайды. Менің айтайын дегенім,



әрбір адам өмірде қандай мамандықты қалайтынын біліп алып, әрі қарай сол мамандығымен жұмыс істеуі керек.

Ал патернализмнен қалай арыламыз деген сауалға жауап іздесек, адам өзі қаламаған жұмысты істегісі келмейді. Бірақ бізде белгілі бір мамандықты бітіріп, қолына дипломын алған соң оған сәйкес жұмыс таба аламай жатқан адамдар да бар ғой. Бұл жерде басты мәселе – еңбек. Қандай жұмыс болса

да, адам қашпауы керек. Қазір жұмыс істегісі келетін адамдарға барлық мүмкіндік жасалған. Өзім қазір бірнеше жерден жұмыс тауып, фрилансер болып жұмыс істеп жүрмін. Маған қойылған диагноз – қалыптаспаған остеогенез (несовершенный остеогенез). Бірақ бұл менің армандарымды іске асыруға кедергі емес. Ең бастысы, жұмыс істей аламын. Қоғамдағы түйткілді мәселелерді зерттеп, зерделеп жазғым келеді. Менің мақаламнан адамдар титтей де болса мәлімет алып, көкірегіне ой түйсе екен деймін. Бірақ он екі мүшесі сау бола тұра, «жұмыс жоқ екен» деп қол қусырып отыратындармен келіспеймін. Қазір мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар бар. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, тіпті зейнеткерлерге де еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан жұмысқа орналасуға әр түрлі бағдарламалар бар. Адам іздегенін табады демекші «екі қолға бір күрек» әрдайым табылады.

ПАТЕРНАЛИЗМНЕН ҚАЛАЙ АРЫЛАМЫЗ?

Шырайлы МАРАЛБЕКОВА,
*«Прогресс» политехникалық колледжі директорының
оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:*

«МАҒАН ЖҰМЫС ЖОҚ» ДЕП ОТЫРАТЫҢДАРДЫ ТҮСІНБЕЙМІН

«Мен Алматы облысы Іле ауданындағы «Прогресс» кәсіптік колледжінде жұмыс істеймін. Біздің кәсіптік колледжде мүмкіндігі шектеулі жандарды шаштараз, кондитер, компьютерлік сауаттылық, тігінші сынды мамандықтарға баулитын арнайы жоба бар. Осы жобаға қатысатын ерекше жандармен тікелей жұмыс істеймін. Байқайтыным, бізге келген жандардың көбісі өмірге құштар. Бір нәрсені үйренуге талпынып тұрады. Тіпті жеке кәсібін ашып ауданның дамуына үлес қосып жатқандары қаншама. Өзім де жаңа нәрсені үйренуге, білуге құштар жандардың қатарынанмын. Әр адам мамандығын дұрыс таңдауы керек. Тіпті мамандығы бойынша жұмыс таба



алмағанның өзінде қол қусырып «маған жұмыс жоқ» деп отыратындарды түсінбеймін. Қазіргі дамыған заманда жұмыс істегісі келетіндерге барлық мүмкіндік жасалған. Жақында флористика мен мобиллографияның курсынан өттім. Бізбен бірге 13-14 жастағы жас қыздар да білім алды.

Тіпті біз ауданда 10 жасынан бастап анасына көмектесіп, қолөнер бұйымдарын жасап сататын баланы білемін. Білім алу, үйрену ешқашан көптік етпейді. Сондықтан мен ізденемін деген адамға еш кедергі жоқ екенін айтқым келеді».

Фарица МАҚСҰТҚЫЗЫ,
*«Парасат» әлеуметтік
қызмет орталығының
қызметкері:*

МЕН ОЛАРДЫ БІР СӨЗБЕН «ЖАЛҚАУ» ДЕР ЕДІМ

«Менің өз ойым – патерналистік көзқарастан, масылдық санадан әлі күнге арыла алмай жүргендерді бір сөзбен жалқау дер едім. Бұл – адамның бойындағы ең жаман қасиет. Жалқау адам ғана мың түрлі



сылтау айтып жұмыс істеуден қаша береді. Ең алдымен адамда жауапкершілік болу керек деп есептеймін. Одан бөлек, адамның бойында еңбекке деген құлшыныс болу керек. Қазір мен тағдырдың түрлі тәлкегіне түскен, ауыр дертке шалдыққан балалармен жұмыс істеймін. Бұл жұмысқа орналасқанға дейін де түрлі салада қызмет

еттім. Меніңше, адам өзінің мүмкіндігін үнемі жетілдіріп отыруы керек. Қолыңнан келетін істі әрі қарай дөңгелетіп, белгілі бір

жетістіктерге жетуге болады. Айналамызда түрлі адамдарды кездестіреміз. Дені сау бола тұра жұмыс істеуден қашатындары бар. Әке-шешесінің тапқан табысымен күн көріп, жұмыссыз отырған азаматтарды да көріп жүрміз. Тағы да айтамын, бұл деген нағыз жалқаулық! Бірақ қазіргі заманда жұмыс істемесең, аш қаласың. Әсіресе, қалада тұратындарға қиын. Отбасында күйеуі де, әйелі де тырбанып жұмыс істеп, екі жақтан отбасын асырамаса, жалғыз жұмыс істейтін адамға қиын. Қазір «бәрін мемлекет асырауы керек» дейтін көп балалы аналар да бар. Кейбір отбасы мемлекет беретін әлеуметтік көмекпен отырады. Бұл да дұрыс емес. Өз басым «жұмыс жоқ» дегенге сенбеймін.

Менің пікірім

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ПЕН АДАМНЫҢ ОЙ-САНАСЫН АЛДАП-АРБАЙТЫН ӨТІРІК ХАБАРҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ ҚОҒАМДА ТҰРАТЫЛЫҚТЫ БАЯНДЫ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТІНЕ АЙНАЛДЫ. JAS QAZAQ-ТЫҢ «МЕНИҢ ПІКІРІМ» АЙДАРЫ БАҚ МАЙТАЛМАНДАРЫНЫҢ ОСЫ ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ ОЙ-ПІКІРІН ҰСЫНАДЫ.

Асқарбек ҚАЗАНҒАП,
тележурналист:

АБАЙЛАҢЫЗ, ФЕЙК АҚПАРАТ!

«Әлеуметтік желі қанатын кең жайғанда өзін ақпарат көзі санайтын парақшалар құмырсқаша қаптады. Күнұзақ телефонға телміргендердің назарын аударамыз дегендер мәселенің байыбына бармай, тақырыбын айқайлатып қойып жатады. Сорақысы сол, жалпақ жұртқа жалған ақпарат тарату арқылы рейтинг жинайтындар көбейді. Мұндай «айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жаратын» сайт пен парақшаларға тұсау бар ма? Дұрыс пен бұрыс мәліметтің аражігін

дүрбелең туғызғандар табылды. Уатсап желісінде «аспаннан осы күндері вирус шашылады, үйден шықпаңыздар» деген хабар тарады. Сондай-ақ «антибиотик пен аспиринді ішу арқылы коронавирустан жазылуға болады» деген фейк-ақпарат қаншама адамды адастырды. Іле-шала денсаулық сақтау министрлігі мұны жоққа шығарып, халықты тек ресми дереккөзіне сенуге шақырды.

Танымал адамдарды «өлтіре салу да» сарыжағал басылымдар



қалай ажыратамыз? Оларға жаза қарастырылған ба? Осы сұрақтар төңірегінде ой өрбітіп көрейік.

Алдымен, фейк ақпарат дегеніміз не? Бұл – шынайы дереккөз ретінде ұсынылып, жұртты жаңылыстыруға бағытталған ақпарат. Оның өзін екі санатқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісінде, автор материалдың мәліметі шындыққа жанаспайтынын біле тұра, қасақана таратып жібереді. Екіншісінде, жалған ақпарат екенін білмей, жазбасына назар аударту үшін жариялауы мүмкін.

Төтесіне көшсек, қоғам дұрыс ақпарат пен жалған ақпаратты ажырата алмаған кезде түсінбеушілік туындайды. Бұл халық пен билік ортасындағы байланысқа салқынын тигізіп, соңы наразылыққа дейін ұласуы мүмкін. Мәселен, жаһанды коронавирус жайлаған кезеңде ел ішінде іріткі салып, әлеуметтік желіде

үшін әдетке айналды. Дегенмен уақытша рейтинг арқылы қаралым жинауды көздегендердің атағы ұзаққа бармайды. Елде жалған ақпаратпен күрес шарасы мықтап қолға алынды. 2021 жылы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мұрындық болуымен stopfake.kz сайты ашылды. Нәтижесі көп күттірмеді. «Ә» дегенде Қазақстанның ақпарат алаңында тараған 900-ге жуық фейк ақпаратты жоққа шығарды.

Андамай, я әдейі жалған ақпарат таратқандарға жаза қатаң. 20 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі айыппұл төлеуі немесе 7 жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Барлық дерек Қылмыстық кодекстің 274-бабы, 4-бөлігімен тіркеледі.

Фейк ақпараттың құрығына ілінбеудің амалы қарапайым. Ресми дерек көзінде күдік туғызған мәліметті салыстырсаңыз болады».

Алмат ИСӘДІЛ,
журналист:

ӘР АЗАМАТ АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ АЛАҢДАУЫ ТИІС



«Қазіргі кезде әлемде ақпараттық қауіпсіздік мәселесі күн тәртібінде тұр. Себебі кез келген мемлекет өзінің ұлттық болмысын, өзінің мемлекеттілігін сақтап қалу жолында, өзін дамыту бағытында, әлемдік қауымдастықта өзінің белгілі бір мүддесін қорғауда да ең алдымен көзделетін мүдде – ақпараттық қауіпсіздік. Әсіресе, бұл біздің қоғамда үлкен мәселеге айналып отыр. Өйткені біз геосаяси жағдайда Еуразия кеңістігінің бел ортасында тұрған мемлекет саналамыз. Бүгінгідей жаһандық дәуірде коммуникациялық қызметтер бір-бірімен қидай араласып, ешбір сүзгісіз, шектеусіз алмасып жатқан шақта ақпараттық қауіпсіздікке қатер төнбей қайтеді?!

Біз ұлттығымызды, мемлекеттілігімізді сақтап, дамытамыз десек, бірінші кезекте осы мәселені қолға алуымыз қажет. Қазіргі күнде ғаламторда, әлеуметтік желі өрісінде шекара, шектеу бар ма? Меніңше, бұл бағытта белгілі бір шектеулер қойып, қауіпсіздікті күшейткен ләзім. Интернет кеңістігіндегі қазақтілді контенттің қатарын молықтыру қажет. Сырттан келетін ақпараттар, түрлі деректер ең алдымен сүзгіден өткізіліп қана қара орман оқырманға жол тартуы керек. Мысалы, Қытай елін алыңыз. Белгілі бір контенттерге шектеу жасайды, не болмаса мүлде жабады. Кейбір елдерде Ютубта қандай да бір деңгейде шектеу бар. Фейсбук әлеуметтік желісінің де «желін шығарып», буынын басып қоятын мемлекеттерді білеміз. Мұның барлығының да арғы жағындағы түпкілікті мақсаты – ақпараттық қауіпсіздігіне қатер төндіріп алмау. Оның сыртында баспа өнімдері, газет-журнал, кітаптардың да сүзгіден өткізілуі қатаң қадағаланады. Тіпті өздерінің шекарасынан өткізуге болмайтын баспа өнімдерінің арнайы тізімі бар елдерді де білеміз. Біздің елде, менің бағамдауымша, баспа өнімдерін елімізге кіргізуде дәл осы елдердегідей қаталдық жоқ сияқты. Бір білетінім, діни әдебиеттерді қадағалау, бақылау жүйелі жүргізіледі.

Қазір айналаға көз тігіп, жаһанға құлақ түріңізші. Төңірегіңіз тұнған ақпараттық майдан. Біздің ақпараттық кеңістік геосаяси жағдаймен көрші болғандықтан Ресеймен астасып, қабысып жатады деп айыптайтындар да бар.

«БАҚ туралы» заңда ақпараттық қауіпсіздік бұрын да қамтылған. Дегенмен соны қазіргі көзқарас, заман ағымының ағысына қарай да қатайтып, шегелей түсу керек. Екінші жағынан, ақпараттық қауіпсіздік дегенді тек БАҚ саласының мамандарына міндеттеп қою да дұрыс емес. Ақпараттық қауіпсіздік – мемлекеттік қауіпсіздік. Демек осы мемлекеттің әрбір азаматы ақпараттық қауіпсіздікке алаңдауы, қорғауы тиіс деп санаймын».

Біздің сұхбат

МАСЫЛДЫҚТАН АРЫЛУ ҚОҒАМНЫҢ САНА ДЕҢГЕЙІНІҢ БИІКТІГІН КӨРСЕТСЕ КЕРЕК. БІРАҚ БҮГІНГІ ЗАМАННЫҢ «АЛМА ПІС, АУЗЫМА ТҮС» ДЕЙТІН ЖАТЫПІШЕРЛЕРІ ДЕ АЗ ЕМЕС. СОНДАЙ ӨЗІНІҢ НЕСІБЕСІН ЕҢБЕКПЕН ТАБУДАН ГӨРІ ӨЗГЕНІҢ ЕСЕБІНЕН «ЖАН БАҚҚАНДЫ» ЖАҚЫН ТҰТАТЫНДАР БІЗДІҢ БҮГІНГІ КЕЙІПКЕРІМІЗДЕН ҮЛГІ АЛСА ДЕЙСІҢ. II ТОПТАҒЫ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАН БЕРІК ИЗМАҒАМБЕТОВ ПАРАВОЛЕЙБОЛДАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ БЕЛДІ ОЙЫНШЫСЫ. ТАЛАНТТЫ СПОРТШЫДАН МАСЫЛДЫҚ ДЕРТІНЕ ҚАТЫСТЫ СҰХБАТ АЛЫП, БІРЕР САУАЛЫМЫЗДЫ ҚОЙДЫҚ.

Jas qazaq: Қазір қоғамда патерналистік көңіл-күй, масылдыққа арқа сүйеу деген ұғым да белең алып тұр. Масылдыққа бой үйретушілер көп қоғамда. Он екі мүшесі сау, тепсе темір үзетін кейбір азаматтар тіленіп жүреді. Ал сіз күніне төрт сағат жаттығу жүргіземіз дедіңіз. Құрама мүшелері яғни отырып ойнайтын волейбол шеберлерінің барлығы да мүмкіндігі шектеулі жан. Олар «бізді қоғам бағып-қақсын» демейді. Керісінше, елдің спортын көтеруге, туымызды желбіретуге барын салады. Мұны қалай бағамдар едіңіз?

Берік Измағамбетов: Дұрыс айтасыз, көшеде де, қоғамдық орындарда жүргендердің қайыр тілеп ақша сұрауын қабылдай алмаймын. Әсіресе он екі мүшесі сау ер азаматтардың алдыңнан шығып



Берік ИЗМАҒАМБЕТОВ, параволейболдан ұлттық құрама ойыншысы:

МАСЫЛДЫҚҚА МАЛДАНУ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Жалқаулық, енжарлық кейінгі буынды қатты жайлап бара жатқаны ойландыратын мәселе. Тіпті қазір дүкенге де бармаймыз, онлайн тапсырыс беріп алдыруға болады. Сосын қарның ашатыны зіңгіттей жігіттердің теріс жолды таңдап, араққа әуестеніп алғаны. Онымен де қоймай, ата-анасының зейнетақысына ортақтауға арланбайтыны, қысылмайтыны қынжылтады. Өзім 2011 жылы аяғымдағы жарақатты емдету үшін ота жасаттым. Сол кезде тамырды қоса тігіп, бітеп тастаған екен. Кейін қан ұйып, ақырында аяқты кесуге тура келді. 26 жасымда аяғымды кесті. Бірақ тағдырдың сынағына



шағынан алдына телефон қоямыз. Дүкенге жұмсаң баруға ерінеді. Жаңа сөз басында ата-анасының мойнына мініп, зейнетақысына күнелтуге үйреніп алған дедім ғой. Ондай жандардың көпшілігі өмірдің титтей сынағына төзе білмей не болмаса нәпсісін тия алмай ашы суға әуестігі артқаннан осындай жолды таңдайды деп ойлаймын. Қай ата-ана баласын есейгенде де «зейнетақыммен асыраймын» деп өсіреді. Қызығына кенелсем, жақсылығына қуансам, ақ сүтімді ақтаса деп үмітпей ме. Ал сол әке-шешесінің

үмітін ақтайды деп сенген баласы қалада қаңғып жүр көшеге түнеп. Тіленіп тапқанын ашы суына жұмсайды. Ауылдық жерлерде де мұндай жандар жоқ емес. Өмірде кез келген жанның жолы тақтайдай тегіс емес, бұралаң бұрылыстарға толы. Қандай кедергіге тап болсаң да төзе білу қажет. Біздің қатарымызға қосылуды қалайтын жандар көп. Сосын кейбір адамдардың ұғым-түсінігінде бәрі бірден бола кетсе дейді. Тез байып, дүниеге белшеден кенелсем деген қасаң таным бар. Тағы да айтамын, еңбексіз ештеңе өнбейді. Параволейболға келгендердің арасында «маған бірден жоғары айлық төлесе ғана ойнаймын» деп кеуде керетіндер бар. Біз де алғашында азын-аулақ еңбекақы алып жүрдік. Жаттығуға барымызды салып, өзімізді дәлелдедік. Қазіргі таңда шүкіршілік дейміз айлығымыз жоғары, еңбегімізге қарай жалақымызды аламыз. Пешенеме жазылған тағыдырым солай шығар. Желігі басылмаған жігіт шағымда, күтпеген жерден бір аяқты кестіру маған психологиялық, моральдық тұрғыдан да ауыр соққы болды. Бірақ менің бір аяғым құрбан болғанымен, қалған мүшем сау ғой. Неге мен өзгеге салмақ салып масыл болуым қажет? Еңбектендім, қиындық кедергіні қайыспай көтере білдім, әлі де арқалап келемін. Әрине айтар ауызға жеңіл, бірақ әркім сынақты басына тимей сезінбейді. Мектепте оқып жүргенде футбол ойнағанды қаладым. Кикбоксинг үйірмесіне жазылып қыр-сырын меңгердім. Параволейболды таңдауыма спортқа жақындағым да әсер еткені анық. Қазір шүкіршілік, жұмысымыз бар, айлығымыз тұрақты. Әлеуметтік көмекті де аламыз. Бәрі де тек тер төгумен, адал еңбекпен келетінін тағы да айтқым келеді.



ақша сұрағаны жирендіреді. Қай заманда да қолы қимылдағанның аузы қимылдайды. Жұмыс жоқ деген жай сылтау. Еңбектенгенде ғана сен мақсат-мұратыңа жетесің.

сынғам жоқ. Жігерімді қайрап, сол жылы отырып ойнайтын волейбол спортын таңдадым да, осы салаға мықтап бекініп бет бұрдым. Ұлттық құрамаға бірден қабылдан-

байтының белгілі. Тер төгуің керек, өзіңді дәлелдеу қажет. Барлығы да тынымсыз жаттығудың нәтижесінде жүзеге асты. Отбасымызды да қосымша еңбекақы тауып асырап жүрміз. Ал қоғамға масыл болып, «мені мемлекет асырасын» деген қасаң түсінікпен өмір сүруді түсіне алмаймын. Бұл қоғамның дерті шығар. Еңбек етемін, кәсіп бастаймын, шаруамды дөңгелетемін адамға барлық мүмкіндік берілген. Тек хәкім Абай айтпақшы «өзі сен, өзіңді алып шығар ақылың мен қайратың екі жақтап» дегендей әркім өзінің арбасын өзі сүйреуі керек. Масылдыққа мaldану түптің түбінде жарға жығады.

Jas qazaq: Расында қазіргі күнде онлайн сауда жасап, дүкеннен қажетті азық-түлікті алдыруға да болады. Жалқаулыққа жақындай түсуімізге мұның да әсері тиюі мүмкін ғой?

Берік Измағамбетов: Әрине әсері бар. Қазіргі балалардың қолына бір-бір смартфон. Бесіктегі балы белін ұстап отырған



ӘДЕТТЕ, АДАМНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ СЫРЫ НЕДЕ ДЕГЕН САУАЛДЫ ЖИИ ЕСТИМІН. АЙТАТЫНЫ ЖОҚ, МЫҢ САН ШЫТЫРМАН ОЙЛАРҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН КҮРДЕЛІ САУАЛ. ОҒАН ЖАУАП БЕРУ ҮШІН ӘДЕТТЕН ТЫС ФИЛОСОФИЯ ИІРІМДЕРІНЕ ҮҢІЛІП, БҰРЫҢҒЫ АДАМДАРДАН ҚАЛҒАН ЕСТІ СӨЗДЕРДІ, ҮЙРЕНШІКТІ ҚАТЫП-СЕМІП ҚАЛҒАН ҚАҒИДАЛАРДЫ ҚАЙТАЛАП ЖАТҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. МЕН БҮГІН ӘҢГІМЕЛЕГЕЛІ ОТЫРҒАН ҚАЗАҚТЫҢ МАҢДАЙАЛДЫ ҰЛДАРЫНЫҢ БІРІ БЕРДІБЕК МӘШБЕКҰЛЫ САПАРБАЕВТЫҢ БІЛІМІ МЕН БІЛІКТІЛІГІ, АДАМИ БОЛМЫСЫ, ІШКІ ЖАН ДҮНИЕСІНІҢ ИІРІМДЕРІ, ОНЫҢ ЕЛ БИЛІГІНДЕ ҰЗАҚ УАҚЫТ ОТЫРУЫНЫҢ ҚЫР – СЫРЫ ТУРАЛЫ ШЫН ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН АЛҒАУСЫЗ ПІКІР ПАЙЫМЫМДЫ ҚАҒАЗҒА ТҮСІРУ, ӘЛБЕТТЕ, ОҢАЙҒА СОҚПАҒАНЫН АТАП ӨТКІМ КЕЛЕДІ. СЕБЕБІ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҒЫ МОЛ ӨМІР ЗАҢДЫЛЫҒЫ ОСЫндай. ДЕГЕНМЕН БІР ШЫНДЫҚ БАР. ОЛ – ӨМІР ШЫНДЫҒЫ. АЛ ЕГЕР ОҒАН СҮЙЕНСЕҢ, БЕРДІБЕК МӘШБЕКҰЛЫНЫҢ ӨЗ ТАҒДЫРЫН ӨЗІ ЖАСАҒАН АЗАМАТ ЕКЕНІН АЙРЫҚША АТАҒЫМ КЕЛЕДІ.

ИӘ, ОНЫҢ ЕСІМІ ӘРДАЙЫМ ЕЛ АУЗЫНДА. ДЕМЕК, БЕРДІБЕК МӘШБЕКҰЛЫНЫҢ ЕСІМІ ЕЛ АУЗЫНДА ЖҮРУІ ТЕГІН ЕМЕС. БҰЛ АКСИОМА, ЕШКІММЕН САЛЫСТЫРУҒА ШЫНДЫҚ.

Сыр жағасындағы құмды ауылда 1953 жылы 9 ақпанда дүниеге келген Бердібек Сапарбаев сол кездегі ауыл баласына тән тіршілік кешті. Әйтеуір, ауылдың күйбің тірлігіне жастайынан араласты. Ауыл үйдің азын-аулақ малын бақты, шөбін шапты, кесек құйды, қара жолдың шаңын көтеріп, балаша асыр сала, ойнап өсті.

Қазақ баласының басына не күн тумады дейсіз?! Өткен ғасырдың 20-30-жылдарының ашаршылық нәубетінен жан сауғалап, бала Бердібектің ата-анасы және басқа да ағайын-туыстары Оңтүстік Қазақстан облысына көшіп барып, сол өңірді паналап, әуірімдеп жүріп жан сақтаған еді. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқанына қатысады. Алпысыншы жылдары Сырдың сол жағалауындағы Жаңақорған ауданында «Задария» кеңшарының құрылып жатқандығын естіген Мәшбек бастаған жиырма түтін отбасы Мақтаарал ауданындағы қоныстарын қалдырып, өз ата мекендеріне көшіп келіп, табан тіреді.

Жаңадан құрылған шаруашылыққа жер мәйегін еміп өскен, бейнетқор Мәшбек сияқты азаматтар ауадай қажет еді. Жаңадан ашылған ауылда мектеп болмағандықтан, 8 сынып оқушысы Бердібек те ауыл балаларымен бірге сегіз шақырым жердегі Жаңарық орта мектебіне қатынап оқиды. Бала Бердібек өзінің зеректігімен, ұқыптылығымен, орнықты мінез-құлқымен көзге түседі. Сыныпқа жаңа келген Бердібек бізбен тез тіл табысып кетті. Алғашқы кезден бастап-ақ өзінің ұйымдастырушылық, жетекшілік қабілетін көрсетті. Сабаққа да, басқа қоғамдық жұмыстарға да алғыр болатын. Бердібектің спортқа бейімділігі біздің мектепте спорттың жандануына септігін тигізді. Аудандық пәндік олимпиадаға қатысып, орын алған алғашқы оқушы да Бердібек болды. «Оның алға қойған мақсатына жету ұмтылысы мен қайсарлығы, өжеттілігі басқаларға да үлгі болды», – деген сол жылдардағы сыныптасы Бақыт Нұртазаевтың осы бір айтқанынан біраз жайды аңғаруға болар еді.

Ауылдың орта мектебін бітіргеннен кейін, яғни 1969 жылы өз өмір жолын кеңшар жұмысшысы болып бастады да, одан кейін Кеңес Армиясы қатарында әскери міндетін атқарып шықты. Жастайынан еңбектің дәмін татумен бірге, әскери борышын да атқара білген жас жігіт Алматы халық шаруашылығы институтына түсіп, оны 1977 жылы экономист мамандығы бойынша бітіреді.

Сол институтта алған мамандығы бойынша өзінің өмірдегі орнын іздеп жолға шыққан Бердібек Мәшбекұлының өмір сапары оңынан құрала бастады. Әуелі мемлекеттік еңбек жинақ кассасы республикалық басқармасында экономист, көп ұзамай, Қазақ КСР-і Қаржы министрлігінде экономист, аға экономист,

АБЫРОЙЛЫ ТҰЛҒА



жетекші экономист, бөлім бастығының орынбасары қызметтерін атқарады. Қаржы министрлігінде 1988 жылға дейін қызмет атқарған ол 1988-1994 жылдар аралығында білім министрлігінің жоспарлау-экономика басқармасының бастығы, білім министрінің орынбасары қызметтерінде болады. 1995 жылдың қыркүйегіне дейін Президент аппараты және Министрлер кабинеті бөлім меңгерушісінің орынбасары, Министрлер кабинеті іс басқармасының бөлім меңгерушісі, Министрлер кабинеті аппаратының басшысы қызметтерін абыроймен атқарады. Осы жылдары оның ұйымдастырушылық қарым-қабілеті мен экономикалық білімі, нарық экономикасына тез бейімделуі, оны жетік меңгере білгендігі жарқырап көріне бастап еді.

Бұл тұста тәуелсіз Қазақстан жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтудің барлық қиыншылықтарын өткеріп жатқан кезде Президент Нұрсұлтан Назарбаев жас кадрларға сенім артып, оларды министрлік басшылығы мен аймақ әкімдігіне тағайындай бастаған

болатын. Солардың қатарында экономикалық біліктілігі жоғары маман ретінде танылған Бердібек Сапарбаев та бар еді. Президенттің 1995 жылғы 29 қыркүйектегі Жарлығымен Бердібек Мәшбекұлы Сапарбаев Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалды. Бұл мемлекет басшысының Сапарбаевқа артқан алғашқы сенімі болатын.

Бұл кез өңір экономикасының құлдырауы одан әрі жалғасып, Қызылордадағы целлюлоза-картон, тәжірибе жөндеу механикалық зауыттары, аяқкіім, тоқылмайтын материалдар фабрикалары және тағы басқалар жарым-жартылай жұмыс істеді немесе тоқтап тұрды. Кәсіпорындардың жұмысы нарықтың қысымына шыдас бере алмады. Олар шикізаттардың жоқтығынан немесе өз өнімдерін өткізетін рынок таба алмай тоқтады, еңбек ұжымдарының мүшелері ақысыз демалысқа жіберілді. Кезек күттірмейтін мәселелердің бірі облыс ауыл шаруашылығының жағдайы еді. Өйткені ауыл шаруашылығында да күрделі жағдай қалыптасқан еді. Астық, соның ішінде, Сыр маржаны – күріш те кем жинала бастағандығы алаңдатарлық жағдай болатын.

Қалыптасқан аса ауыр қиын жағдайдан шығу үшін облыс әкімі Б.Сапарбаев шұғыл шараларды жүзеге асыруды қолға алды. 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі бағдарлама жасалып, қабылданды. Макроэкономикалық салалардағы қол жеткен нәтижелерді тұрақтандыру және құрылымдық-институттық қайта құруларды қамтамасыз ету, өндірістің құлдырауын тоқтатып, одан кейін экономиканы, осының негізінде халықтың тұрмыс деңгейін көтеруді қамтамасыз ету міндеттері алға қойылды. Облысты дамытудың орта мерзімді бағдарламасына сәйкес реформаны тереңдету жұмыстары жеделдетілді. Атап айтқанда, меншік қатынастарын жаңарту, жеке сектордың қалыптасуы мен дамуын тездету, бәсекелестік ортаны құру, нарықтық инфрақұрылымдарды қалыптастыру, тауар өндірушілердің әлемдік нарық жағдайына бейімделуіне жәрдемдесу, басым бағыттағы өндірістің дамуы мен шетел

капиталының енуінің жаңа үлгілері мен жолдарын іздестіру қолға алынды.

Жасалған іс-шаралар көп ұзамай-ақ өз нәтижелерін бере бастады. 1996 жылы инфляцияның деңгейі оның алдындағы жылмен салыстырғанда 40 пайызға төмендеді, өнеркәсіп өнімінің көлемі 41,6 пайызға артты. Бұл Сапарбаевтың алғашқы жеңісі болатын!

Ел күні бүгінге шейін Бердібек Сапарбаевтың мына бір жеңісін де айтумен келеді. 1997 жылы Семей, Көкшетау, Жезқазған, Талдықорған және Торғай облыстары бірінен соң бірі таратылып жатқан тұста, мұндай күйді Қызылорда облысы да бастан кешуі керек еді. Алайда облыс әкімі Б.Сапарбаевтың Қызылорданың табиғи ресурстары мен басқа да әлеуетін экономикалық талдаудан өткізіп, бұл облыстың қаржы сұрайтын өңірден республикалық бюджетке қаржы құятынын дәлелдей біліп, сақтап қала алады. Өңірді өркендетудің барлық амалдары қарастырылды. Қызылордаға арнайы экономикалық аймақ мәртебесін берумен айналысты. Бұл да тегін емес еді.

Кеңестік заманның экономикасы негізінде білім алған Б.Сапарбаев нарық экономикасына тез бейімделген және едәуір меңгерген мамандардың қатарынан орын алады. Батыстың танымал экономистері Ф.Хайектің, Д.Кейнстің, Л.Эрхардтың және тағы басқаларының еңбектерімен танысқан Б.Сапарбаев олардың ұсынған нұсқаулары мен теорияларын жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға жаңадан өтіп жатқан өзіндік ерекшелігі бар екендігін ұғындырумен болды.

Осы батыс экономистерінің тұжырымдарын Қазақстанға абайлап енгізді. Елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды ескере отырып қолданды. 1996 жылы жарық көрген «Арнайы экономикалық аймақтар. Құру тәжірибесі». («Специальные экономические зоны. Опыт создания») деген кітабында Б.Сапарбаев арнайы экономикалық аймақтардың қазіргі уақытта әлемдік шаруашылықтың ажырағысыз элементтерінің біріне айналғандығын айта отырып, «экономикалық аймақ» терминіне түсінік береді. Арнайы экономикалық аймақ, біріншіден, мемлекеттің экономикалық үдеріске араласуының едәуір шектелуінен, екіншіден, арнайы жеңілдіктер мен ынталандыру жүйелерінің қолданылуымен сипатталады.

Сыр елінің географиялық орналасуы мен Оңтүстік Торғай бассейніндегі және Арал маңындағы болжанған мұнай мен газ қорын және Қаратау жотасының аяқталар тұсындағы қорғасын мен мырыштың және уранның мол қорын есепке алған ғалым-әкім Қызылорда облысында арнайы экономикалық аймақ құрудың тиімділігін дәлелдеп, 1996 жылы қарашада Қызылорда арнайы экономикалық аймағының құрылуына қол жеткізді.

Қазақстан Үкіметінің құрамында Б. Сапарбаев Жапонияға ресми сапармен барған кезінде, Арал теңізі аймағындағы мұнай-газ қорын игеру, ауыз су тазалағыштарын орнату, ирригациялық құрылыстар салу және бұрынғыларын қалпына келтіру сияқты күрделі жұмыстар атқарудың алғы шарттары жасалынды. Өңірдегі мұнай-газ саласын дамытудың қауырт істері қолға алынды. Бұл мәселені шешу үшін Үкімет алдына дәлелді ұсыныстар қойылды. Қазақстан Үкіметі де әкім Сапарбаевтың батыл ойлары мен іскер қадамын мақұлдап, қолдап отырды. Сөйтіп Сапарбаевтың Сыр өңіріндегі әкімдік қызметінің негізгі мақсаты – шетелдік инвесторларды тарту арқылы бірнеше жылдан бергі жинақталып қалған облыс кәсіпорындары ұжымдарының жалақы қарыздарын өтеу, мұнай кәсіпшілігін өз қолына ұстайтын жергілікті мамандарды даярлау, өндіріс өнімін ұлғайтудан облыс бюджетіне түсетін қаржыны көбейту, Қызылорда қаласына ілеспе газ әкелу, оны іске жарату болса, осының біразы ойдағыдай жүзеге асырылды. Әкімнің алдына қойған мақсаты мен құрған есебі дұрыс шықты.

Бердібек Сапарбаев 1999 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды. Сөйтіп Сыр өңірін өрге сүйреп, дәулетін арттырған Бердібекке екінші рет сенім артылды. Бұл кезде Шымкент, Түркістан, Кентау қалалары мен аудан орталықтарын электр қуатымен және газбен қамтамасыз етуде күрделі жағдай қалыптасқан еді. Газдың іркіліспен берілуінен, жарықтың болмауынан қаланың көп қабатты үйлерінің тұрғындары пәтерлерге пеш орнатқан, оған шамасы келмегендер тамақтарын сыртта от жағып дайындауға мәжбүр болған. Аталған қалалардағы өндіріс орындары тоқтап, жұмыссыздық көбейген. Ауыл шаруасының да түйткілді мәселелері халықтың жан бағысына ауыр тие бастаған екен. «Сырттан келген сары бала» не тындырар дейсің дегендер де болмай қалмады.

Өзінің кісілігімен де, экономикалық біліктілігімен де танылған Бердібек Сапарбаев билік тарапынан да қандай бір ағаттыққа ұрынбауға, сөйтіп, «күш қолданбау үшін және қарсылық білдіретіндерді жеңу үшін жай ғана күшті екендігіңді білдіріп қой» қағидасын ұстана білді. Елдің сеніміне ие болды. Мемлекет

басшысының облыс әкімдігі алдына қойған тапсырмалары толық орындалды. 2002 жылы тамыз айында оңтүстіктің халқы Бердібек Мәшбекұлын жаңа қызметіне алғыс айта отырып, шығарып салды.

Бердібек Сапарбаев 2002 жылдың тамыз айынан 2009 жылдың наурыз айына дейін Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы, қаржы

АБЫРОЙЛЫ ТҰЛҒА



вице-министрі – Кедендік бақылау комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Премьер-министрі кеңсесі басшысының орынбасары – Үкіметтің Парламенттегі өкілі, экономика және бюджетті жоспарлау вице-министрі, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі лауазымдық қызметтерінде болып, бұл лауазымдық қызметтерде де сенімінен шыға білді.

Қай өңірде, қай салада еңбек етсе де ел сенімін ақтай білген Бердібек Сапарбаев енді Шығысқа жіберілді. Әкім Бердібек Сапарбаевты Шығыс өңірі бұрын-соңды болып көрмеген қаһарлы қысы, қалың қары, көктемгі су тасқынымен қарсы алған еді. Облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен бірге, Алтайдың қатты суығы мен қалың қары да төтенше мәселеге айналды. Дәл мұндай қатты қысты көрмегендер «Арктиканың аязы Алтайға бауыр басып алды» дегенді де айтып жүрді.

Үш-төрт ай бойы үзіліссіз жауған қалың қар, үскірік аяз, күре жолдардың қар басып, ұзақ уақыт жабылып қалуы, онан соң күннің күрт жылынуынан және екі тәулік бойы жауған жаңбырдан соң бірнеше елді мекенді су басып кетті. Баспанасыз қалған, дүние-мүлікінен, малынан айрылған халықтың жағдайы әбігерге салды. Бірақ облыс әкімі қамсыз отырмады, қауіптің алдын алу шаралары ұйымдастырылды, қар құрсауындағы аудандарды аралады. Тиісті тапсырмалар берілді, республикадан, басқа өңірлерден қар тазалайтын және тағы басқа да техникалар, ұшақтар жеткізілді. Тасқынға тосқын қойылды. Б.Сапарбаевтың Шығыс Қазақстан облысындағы әкімдік қызметінің алғашқы жылы төтенше жағдайға дөп келсе де, ол табысты аяқталды. Облыс халқы өздерінің әкімі туралы тек жақсы сөздері мен жақсы лебіздерін ғана айтады. Оны қазақ үшін, елі үшін ұлтқа жаны ашитын тұлға деп таныды.

Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен Шығыс Қазақстанда өткізілген «Туған ел – алтын бесігім» және «Туған елге тағзым» акциялары да ел жадында қалатын елеулі оқиғалар қатарына енді. Осы өңірден шыққан өнер майталмандары, ақындар мен жазушылар, ғалымдар, оқымыстылар ата мекендеріне келді. Сағынышын басты. Туған ел өздерінен шыққан тұлғалармен дидарласты. Солармен мақтанды, оларды құрметтеді өзара пікір алмасты.

Шығармашылықтарынан нәр алды, қала мен ауылдағылар арасындағы байланыстың жаңа көпірі жасалды.

2015 жылы Бердібек Сапарбаев Ақтөбе облысының әкімі болып тағайындалып, осы облысты төрт жылға жуық басқарды. Осы жылдары Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы республика бойынша алдыңғы орынға шықты. Бұл да Бекеңнің тынымсыз адал еңбегін көрсетеді. 2019 жылы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі, Премьер-министрдің орынбасары қызметін атқарды. Осы жылдары атаулы әлеуметтік көмекке, еңбек дауына байланысты елде үлкен мәселелер туындаған болатын. Осы қордаланған мәселелерді оңтайлы шешудің басы-қасында Бердібек Мәшбекұлы жүрді. 2020 жылы ақпан айында Жамбыл облысындағы Қордай қақтығысы орын алғанда осы облысқа Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Б.Сапарбаевты Жамбыл облысының әкімі етіп жіберді. Жамбыл облысында ел дамуының аса бір күрделі кезеңінде әкім болуы Бекеңнің табиғи дарын қабілетін жаңа бір қырынан ашты деуімізге толық болады.

Бердібек Сапарбаев туған елі мен жерінің гүлденіп өсуіне қырық жылға жуық өмірін арнады. Оның ішінде бес облыстың әкімі, министр, Премьер-министрдің орынбасары сияқты үлкен лауазымда. Тәуелсіз Қазақстан тарихында қатарынан бес облысты басқарған әкімдер болған жоқ. Мұндай саяси өміршендіктің сыры неде? Бұл сұраққа біржақты жауап беру қиын болар. Бердібек Сапарбаев – қызметке берілген, еңбекқор, қай тапсырманы да аяқсыз қалдырмайтын табанды, қай мәселені де жеті рет ойлап, бір рет кесетін сабырлы, ар-намысты жоғары ұстайтын, адал да парасатты азамат. Ол сан салалы шаруашылықтың майлық-сулығына жете қанық, арқасына қанша жүк артсаң да, арымайтын аршынды қара нар екенін Тұңғыш Президент те, қазіргі Президентіміз де танып-білді. Сондықтан да ұлттық ауқымда ой толғап, халқына жаны ашитын, қажырлы азамат екеніне көздері жетіп, қызмет бабында өсуіне себепші болды. Үлкенге қызмет, кішіге ізет, жақсылығын көргенге жамандық жасамауға тырысушылық – Б.Сапарбаевтың кісілік болмысы. Сол мінезінен Бекең кешегі бір «тырнақ астынан кір іздеген» жылы да еш айныған жоқ. Ардақты ұстазы, әріптесі жөнінде бір ауыз артық сөз тісінен шыққан емес. Бұл да ел бола білу мен соған лайық ер бола білуді көздейтін адамдар үшін есте тұтар өнеге. Бекең қызметтен кеткен соң да дегдарлық қасиетін жоғалтқан жоқ. Ел үшін еткен ұзақ жылғы жемісті еңбегін бір сәтте ұмытып, көз түрткіге айналдыратын кесепатқа киліккен емес. Мен білетін Бердібек аға ешқашан «мынаны бітірдім ... осыны тындырдым» деп мақтанбайды. Ешкімнен атақ, мадақ дәметпейді. Табиғатынан қарапайым, кеңқолтық, көнбіс, қиындықтан бойын тартпайтын, жүрегі таза жан. Өзінен кейінгі әріптестеріне қиындықты жеңе білуді, жеке жүріп шаруа тындыруды үйретті. Бейнеттің нағыз бәйгеторысы бола білді. Бердібек Сапарбаев әлеуметтік ахуалдың ауыспалы кезеңінде кездеспей қоймайтын ағаттықтарынан арылып, түбегейлі сауығуының жолы мемлекеттілікті нығайтып, тәуелсіздікті орнықтыру, билік пен қоғамның арасын жымдастыру, биліктің халық алдындағы жауапкершілігін биіктете беру деп ұқты. Осыған орай ұстаным құрып, ұсыныстар жасады. Соның арқасында оның билікке де, қауымға да сөзі бірдей өтті. Президенттен бастап барша отандастарына бірдей беделді. Мұндай азаматтық ахуал Абырой деп аталады. Жетпістің жиегіне шығып жатқан жасыңыз құтты болсын, көрер қызығыңыз бен жақсылығыңыз көбее берсін, Абыройлы, Абзал аға!

Кинотуынды


2 АҚПАНДА «ҚАНЫШ» ТОЛЫҚМЕТРАЖДЫ ФИЛЬМІ ЕЛ ІШІНДЕ ПРОКАТҚА ШЫҒАРЫЛДЫ. ҚАЗАҚТЫҢ АТАҚТЫ ҒАЛЫМЫ, ӘРІ БІРТУАР ГЕОЛОГЫ ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫН БАЯНДАЙТЫН ФИЛЬМ 2022 ЖЫЛДЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНЫҢ СОҢЫНДА «LITERATURE IN CINEMA» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КИНОФЕСТИВАЛІНДЕ (БУЭНОС-АЙРЕС, АРГЕНТИНА) «ҮЗДІК ФИЛЬМ» ЖҮЛДЕСІН ЖЕҢІП АЛДЫ. АЛ 2023 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАРЫНДА ФИЛЬМ ҮНДІСТАНДА ӨТКЕН «ATHVIKVARUNI» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КИНОФЕСТИВАЛІНДЕ «ҮЗДІК АЗИЯЛЫҚ КӨРКЕМ ФИЛЬМ», «ҮЗДІК КОНЦЕПЦИЯ», «ҮЗДІК ҚОРШАҒАН ОРТА/ТАБИҒАТ ТУРАЛЫ КӨРКЕМ ФИЛЬМ» СЫНДЫ ҚАТАРЫНАН ҮШ НОМИНАЦИЯДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ.

Ерлан НҰРМҰХАМЕД,
«Қаныш» фильмінің
режиссері:

ҚАНЫШ АТАМЫЗДЫ СОМДАЙТЫН АДАМ ТАБУ ҚИЫН БОЛДЫ

«Қаныш» сериалынан кейін, толықметражды фильм жасап берсеңіздер деп еді. Соған келісіп, фильм түсіруге кірістік. Ол да оңай жұмыс емес, тарихи оқиғаларға сүйендік. Кеңесшілерге, тарихшыларға және Қаныш атамыздың туған-туыстарына жүгіндік. Қолда бар материалдан толықметражды көркем фильм жасауға бел будық. Өйткені толықметражды фильм сериалға мүлде ұқсамайды. Кейіпкер мұнда кәсіби маман емес, халқының қамын ойлайтын терең де сезімтал тұлға ретінде көрсетіледі. Психологиялық тұрғыдан аздап қиындау болды. Осындай әлеуметтік маңызды туынды, еліміздің қайғылы оқиғалары ашаршылық пен қуғын-сүргін кезіндегі халық рухының мызғымастығын бейнелейді. Фильмде сол уақыттың тарихи тұлғалары, кейіпкерлердің прототипіне айналып, сирек тарихи деректі кинохроника қолданылды.

Басты рөлге кастинг жарияланды. Қаныш атамыз белгілі кісі болған соң бірден актер табу өте қиын болды. Өйткені ол кісі бойы 2 метрдей ірі тұлға болған. Бірақ Әсет Есжан осы рөлге дұрыс келді және өзіне жүктелген миссияны мықты алып шықты деп ойлаймын».



«ҚАНЫШ»

Әсет ЕСЖАН, актер:

«ҚАНЫШ» ФИЛЬМІНЕ АЯН АРҚЫЛЫ КЕЛДІМ

«Кастинг директоры Жанар деген қарындасым: «Аға, сіз маған аян арқылы келген актерсіз» дейтін. Ол қарындасым түсінде мені көріпті. Бұрыннан мені сырттай таниды екен. Бірақ «Қаныш» фильміне актер іздеп жүрген кезде мен ойында болмаппын. Бір күні түсінде көріп, таңертең оянғаннан кейін Инстаграм парақшама кірген. «Шынымен де осы кісі ұқсайтын сияқты ғой деп, сіздің бір фотоңыз бен Қаныш атамыздың жастық шағындағы фотосын қатар қойсам дәл келіп тұр» дейді. Сөйтіп режиссерге көрсеттім, ол кісі бірден ұнатты деді. Таңдау маған хабарласқан уақыттан бастап та ұзақ жүрді. Бір, бір жарым айдың көлемінде маған жауап айтқан жоқ. Қайта-қайта проба, грим проба, партнерлармен проба болды. Түсірілімге он шақты күн қалғанда осы рөлге бекітілгенім туралы айтылды.

Тура бір күн қалғанда, түсірілетін сахналарды кешке беретін. Бұл заманауи сериал емес, ұмытып қалсаң, синоним сөздермен ауыстыра алмайсың. Жалпы мағынасын ғана жеткізу емес, бұл жерде ғылыми сөздер және көне әдеби сөздер болғаннан кейін, мен үшін ең басты қиындық мәтін жаттау болды. Алғашқы бір апта, он күн дегенде 2-3 сағаттан ғана ұйықтап жүрдік. Күні бойы түсірілім. 18 сағаттан түсірілген кез де болды. 5-6 сағат ғана демалыс, оның өзінде түнімің бәрі текст жаттаумен, күнімің бәрі съемкамен кетіп жүрді.

Қаныш атамыз туралы айтсам, ол кісіні халық тек ғалым, геолог ретінде, сол тұстарынан ғана танитын сияқты. Ал бірақ Қаныш атамыздың алғаш қазақ театры ашылатын кезінде Семей қаласында Мұхтар Әуезовтің бастамасымен спектакль қойған кезде, сол жерде өзі қатысып бірнеше рөл ойнап актер болғаны. Бастауыш сынып оқушыларына алгебра пәнінің оқулығын жазғанын, Затаевич қазақ ән өнерінің 1000 әнін жинағанда 20 шақты қазақтың халық әндерін тауып бергенін, тұрақты түрде би үйірмесіне қатысқанын, айта берсек, ол кісінің жан-жақты тұлға екенін білуімізге болады.

Ең есімде қалғаны, ол кезде карантин, ковидтің өршіп тұрған кезі еді. Біз

түсірілімге рұқсат алып Қарсақбай деген Қаныш атамыздың завод ашқан жерінде түсірілім жүргізіліп жатқанда, аяқ астынан менің қызуым 40 дейін көтеріліп ауырып қалдым. Ковид болуы мүмкін деп бүкіл команда шошыды. Бұрын бұлай ауырмаған едім. Ковид болып шықсаң, онда бүкіл түсірілімді тоқтатуға тура келеді. Мені ғана емес, қасымда жүргендердің бәрін 15 тәулікке жауып тастайды. Қарсақбайдан Жезқазғанға барып анализ тапсырам дегенге дейін бір тәулік мен үшін кәдімгі бір



ғасырға дейін созылды деп айтсам болады. Оны тапсырғаннан кейін сараптамасы бірден шыға қоймайды екен. Нәтижесін ертесі күні ғана алдым. Ешқандай ковид емес болып шықты. Содан кәдімгі бәріміз қуанып той-тойлаған күніміз болды. Сол күн съемкадағы бір естен кетпес күн десем болады.

Осыдан 2 жыл бұрын радиода берген сұхбатымда: «Кімді ойнағыңыз келеді дегенде? Кейбір актер Гамлетті, біреуі Макбетті ойнағым келеді дейді. Мен тұлғаларды ойнағым келеді» деп едім. Енді, міне, Қанышты сомдадым. Мұрат Есжан түсірген «Міржақып. Оян қазақ!» сериалында Мұхтар Әуезовті ойнадым. Атақты тұлғаларымызды сомдап келе жатырмын. Осы тұлғалардың өмірін халық мен арқылы таныса, ол менің актерлік миссиямның орындалғаны деп білем. Арманның орындалуы ниетке байланысты деген ұғымға қатты сенетін адаммын».

Ғалия ҚАЛИЕВА
Суреттерді түсірген автор



Директор — Бас редактор

Срайыл Махатұлы
СМАЙЫЛ

Гүлнар Ахметова Директордың орынбасары
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор
Ғалия ҚАЛИЕВА дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ продюсер-менеджер
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Кәмшат ТӨЛЕШОВА офис-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ:

«Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА